



БҰЙРЫҚ

5 тамыз 2022 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 623 – ЦЗ

город Нур-Султан

Ұйым стандартын бекіту туралы

Темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерін таңбалауға арналған шартты нөмір беру тәртібіне өзекті сипат беру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген «Темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерін таңбалауға арналған шартты нөмір беру тәртібі» АҚ СТ 620100210058-ТЦ-14-2022 ұйым стандарты (бұдан әрі – Стандарт) бекітілсін.

2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының басшылары Стандарт талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін.

3. «Ұйым стандартын бекіту туралы» 2018 жылғы 22 ақпандағы №176-ЦЗ, «2018 жылғы 22 ақпандағы №176-ЦЗ бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 27 маусымдағы №476-ЦЗ, «2018 жылғы 22 ақпандағы №176-ЦЗ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 9 сәуірдегі №284-ЦЗ бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

**Басқарма Төрағасының
орынбасары**



Қ.Әлмағамбетов

Орынд. Расилхан А. – ТЦ
+7 (7172) 60-34-39

БЛАГО

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы
орынбасарының

2022 жылғы 5 тамыз
№ 623-УЗ бұйрығымен
бекітілген

**Темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерін
таңбалауға арналған шартты нөмір беру тәртібі
АҚ СТ 620100210058-ТЦ-14-2022**

ӘЗІРЛЕГЕН

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Техникалық орталығы
2022 жылғы « _____ » _____

Түпнұсқаны ұстаушы:

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Нұр-Сұлтан қ, Қонаев көшесі, 6

Нұр-Сұлтан

Кіріспе

1 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Техникалық орталығы **ДАЙЫНДАҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН.**

2 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2022 жылғы «5» тамыз № 623-Ц/б бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3 «Темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерін таңбалауға арналған шартты нөмір беру тәртібі» СТ АҚ 620100210058-ТЦ-03-2018 **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН**

Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	1
4	Қысқартулар	3
5	Таңбалауға арналған шартты нөмірді беру тәртібі	3
6	ТӘА-ға өзгерістер енгізу тәртібі	6
7	Бұрын берілген Шартты нөмірдің қолданылу саласын өзгерту тәртібі	6
8	Шартты нөмірдің қолданыста болу күшін тоқтату және қалпына келтіру тәртібі	7
9	Шартты нөмірдің қолданылуын тоқтату тәртібі	7
10	Кәсіпорынның Шартты нөмірді қолдануына бақылау жасау	8
	А қосымшасы (міндетті) Жүк вагондарының таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі	9
	Б қосымшасы (міндетті) Жолаушылар вагондарының таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі	11
	В қосымшасы (міндетті) Локомотивтердің таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі	14
	Г қосымшасы (міндетті) Моторвагонды жылжымалы құрамның таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі	16
	Д қосымшасы (міндетті) Арнайы жылжымалы құрамның таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі	18
	Е қосымшасы (міндетті) Тәжірибелік үлгіні қабылдау актісі	20
	Ж қосымшасы (міндетті) ТӘА-ға өзгерістер енгізуге өтінім	21
	И қосымшасы (міндетті) ТӘА-ға жолаушылар вагондары және олардың құрамдас бөліктері бойынша өзгерістер енгізуге өтінім	22
	К қосымшасы (міндетті) Куәлік үлгісі	23
	Л қосымшасы (міндетті) Таңбалауға арналған шартты нөмірді беру бойынша куәлік беруді есепке алу журналы	25
	М қосымшасы (міндетті) Жылжымалы құрамды жөндеудің жоспарлы түрі бойынша цехтарды тексеру чек-парағы	26
	М-1 қосымшасы (міндетті) Жүк, жолаушылар және арнайы жылжымалы құрам арбашаларын жөндеу бөлімшесін тексеру чек-парағы	30
	М-2 қосымшасы (міндетті) Доңғалақ-ролик учаскесін (ДРУ) тексеру чек-парағы	34
	М-3 қосымшасы (міндетті) Автотежегіштердің бақылау пунктін, автоматты бөлімшені (АБП, АБ) тексеру чек-парағы	38
	М-4 қосымшасы (міндетті) Автотіркегіш құрылғыны (КПА) жөндеу жөніндегі бақылау пунктін (бөлімшесін) тексеру чек-парағы	42
	М-5 қосымшасы (міндетті) Генераторларды (электр машиналарын) жөндеу жөніндегі бөлімшені тексеру чек-парағы	46
	М-6 қосымшасы (міндетті) Жылжымалы құрамның шанақтарын тексеру чек-парағы	50
	М-7 қосымшасы (міндетті) Тартым және моторвагонды жылжымалы құрамның механикалық жабдығын тексеру чек-парағы	54
	М-8 қосымшасы (міндетті) ПС/СЧ бұзбай бақылау бойынша бөлімшелерді тексеру чек-парағы	58

АҚ СТ 620100210058-ТЦ-14-2022

Н қосымшасы (міндетті) «___» шартты нөмірінің қолданылуына/ берілуіне Кәсіпорынды тексеру актісі	60
О қосымшасы (міндетті) «___» шартты нөмірінің қолданылуына/берілуіне Кәсіпорынды тексеру актілерінде көрсетілген ескертулерді жою туралы есеп	62
Библиография	63

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ**ТЕМІР ЖОЛ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ МЕН ОНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІН
ТАҢБАЛАУҒА АРНАЛҒАН ШАРТТЫ НӨМІР БЕРУ ТӘРТІБІ**Енгізілген күні 2022 жылғы 29 5 тамыз**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт [1] негізінде әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан кәсіпорынға немесе жөндеу ұйымына темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерін таңбалауға арналған шартты нөмірді беру тәртібін, сондай-ақ таңбалауға арналған шартты нөмірдің қолданыста болуы күшін уақытша тоқтату, қолдану саласын кеңейту немесе тоқтату тәртібін белгілейді.

Таңбалауға арналған шартты нөмір кәсіпорынға немесе жөндеу ұйымына темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерін шығару, жаңғырту, қызмет ету мерзімін ұзарта отырып, жаңғырту немесе жөндеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру кезінде кәсіпорынды немесе жөндеу ұйымын сәйкестендіру және есепке алу мақсатында беріледі.

Берілген таңбалауға арналған шартты нөмір Достастыққа қатысушы мемлекеттер темір жол әкімшіліктерінің Ақпараттық-есептеу орталықтарының тиісті ақпараттық базаларына, сондай-ақ ұлттық ақпараттық деректер базаларына енгізіледі.

Шартты нөмірмен міндетті таңбалауға Қазақстан Республикасының және Достастыққа қатысушы мемлекеттердің магистральдық темір жол желісіне пайдалануға жіберілетін теміржол жылжымалы құрамы, сондай-ақ А, Б, В, Г, Д қосымшаларында көрсетілген оның құрамдас бөліктері жатады.

Шартты нөмір дайындауға, жаңғыртуға немесе жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға сәйкес жылжымалы темір жол құрамын және оның құрамдас бөліктерін таңбалауға арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі нормативтік сілтемелік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.5-2019 Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Стандарттардың құрылуына, баяндалуына, ресімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

МЕМСТ 15.902-2014 Өнімді өндіріске қою және әзірлеу жүйесі. Темір жол жылжымалы құрамы. Әзірлеу және өндіріске қою тәртібі.

Ескерту – Осы стандартты қолдану кезінде «Стандарттау жөніндегі құжаттар» каталогы бойынша сілтеме стандарттардың және жіктегіштердің әрекеттерін ағымдағы жылғы күйі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған мерзімді жарияланып отыратын ақпараттық каталогқа сәйкес келетінін тексеру орынды. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге қатысты болмайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

3.1 **Аттестаттау:** Кәсіпорында қолданылатын технологиялық жабдықтың, технологиялық процестің, технологиялық жарақтың жөндеу пайдалану құжаттамаларының және негізгі кәсіптер қызметкерлерінің кәсіби деңгейі талаптарына сәйкес келуін тексеру.

3.2 **Аттестаттау актісі:** Аттестаттау нәтижелерін тіркеу құжаты.

3.3 **Автоматты бөлім (АБ):** Тежегіш жабдықтарды бөлшектеуге, жөндеуге және сынауға арналған технологиялық жарақтар мен жабдықтардың толық емес тізбесі (бір немесе бірнеше позициялардың болмауы) бар автотежегіш жабдықты жөндеу жөніндегі учаске.

3.4 **Өтінім беруші:** Таңбалауға арналған шартты нөмірді беруге, тоқтата тұруға немесе қолданылу аясын кеңейтуге өтінім беретін шығарушы, кәсіпорын немесе жөндеу ұйымы.

3.5 **Сырттай бағалау:** комиссия мүшелерінің Өтінім берушінің құжаттарын қашықтан форматында қарауы.

3.6 **Шығарушы:** Өнімді шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорын.

3.7 **Автотежегіштерді бақылау пункті (АБП):** Тежегіш жабдықтың барлық түрлерін бөлшектеу, жөндеу және сынауға арналған бүкіл технологиялық жарақтармен және жабдықтарымен жарақталған автотежегіш жабдықты жөндеу жөніндегі учаске.

3.8 **Сапа көрсеткіші:** оны құру және пайдалану немесе тұтынудың белгілі бір жағдайларына қатысты қарастырылатын, өнімнің сапасына кіретін оның бір немесе бірнеше қасиеттерінің сандық сипаттамасы.

3.9 **Жаңғырту:** Қолданыстағы темір жол жылжымалы құрамының техникалық-экономикалық сипаттамасын, оның құрамдас бөліктерін жетілдірілген құрамдас бөліктеріне ауыстыру арқылы жақсарту жөніндегі жұмыстар кешені.

3.10 **Темір жол жылжымалы құрамының қызмет ету мерзімін ұзарту арқылы, оны жаңғырту:** Қолданыстағы темір жол жылжымалы құрамының техникалық-экономикалық сипаттамаларын, оның қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында, оның базалық конструкциясына өзгерістер енгізу арқылы жақсарту жөніндегі жұмыстар кешені.

3.11 **Дайындықты бағалау:** Кәсіпорынның мәлімделген жұмыстарды жүргізуге дайындығы мәніне тексеру процесі.

3.12 **Таңбалауға арналған шартты нөмірді қолдану саласы:** шығару/жөндеу кезінде шығарушы немесе жөндеу кәсіпорны арнайы көзделген орындарда және әдіспен шартты нөмір қоятын жылжымалы құрам және оның құрамдас бөліктері.

3.13 **Кәсіпорын:** Тауарларды өндіретін және өткізетін, жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін дербес, ұйымдық оқшауланған шаруашылық жүргізуші субъект.

3.14 **Өндірістік алаңқай:** өнімді шығару немесе жөндеу, жылжымалы теміржол құрамын және оның құрамдас бөліктерін жаңғырту және олардың қызмет ету мерзімін ұзартып жаңғырту процесін орындау үшін қажет тиісті кәсіби деңгейі бар жабдықтарды, құрылғылар мен қызметкерлерді қамтитын кәсіпорынның, жөндеу ұйымының аумақтық оқшауланған кешені.

3.15 **Жөндеуші ұйым:** Теміржол жылжымалы құрамы және оның құрамдас бөліктерін жөндеу, жаңғырту және қызмет мерзімін ұзартып жаңғыртуды меңгеруді жоспарлап отырған заңды тұлға немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі.

3.16 **Арбаша бөлімшесі:** Арбашаларды жөндеуді жүзеге асыратын кәсіпорын құрамындағы бөлімше немесе цех.

3.17 **Жұмыс жүргізуге құқық беретін куәлік:** Кәсіпорынның бөлімшесі, цехы немесе бақылау пунктінің теміржол жылжымалы құрамының және оның құрамдас бөліктерін тексеру, техникалық қызмет көрсету, не болмаса жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін барлық қажет жағдайлардың бар екендігін растайтын құжат.

3.18 **Шартты нөмір:** Темір жол жылжымалы құрамын және оның құрамдас бөліктерін сәйкестендіру, есепке алу және кәсіпорын жүргізіп жатқан жұмыстардың сапасын бақылау мақсатында таңбалау үшін кәсіпорынға берілетін сәйкестендіру коды/нөмірі.

4 Қысқартулар

АБД ПВ – вагондар паркінің автоматтандырылған деректер банкі;
 ЖПВ – жолаушылар паркінің вагондары;
 ЖүкПВ – жүк паркінің вагондары;
 ЕҰ – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары;
 ДЖ – деполық жөндеу;
 ТӘ АЕО – Темір жол әкімшіліктерінің ақпараттық-есептеу орталығы;
 Компания – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;
 КҚЖ – күрделі-қалпына келтіріп жөндеу;
 КЖ – күрделі жөндеу;
 КЖ 2 – екінші көлемдегі күрделі жөндеу;
 ЖКЖ – жаңғыртып күрделі жөндеу;
 ҰКЖ – қызмет мерзімін ұзартып күрделі жөндеу;
 СРО – сәйкестілікті растау жөніндегі орган;
 ЖҚ – жылжымалы құрам;
 ЖҚ ҚБ – жылжымалы құрамның құрамдас бөлшектері;
 ҚБ – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері;
 АЖҚ – өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрам;
 ТӘА – темір жол әкімшіліктерінің анықтамалығы;
 ТЖҚ – тартым жылжымалы құрамы;
 ТҚК-3 – 3-көлемдегі техникалық қызмет көрсету;
 ТҚК-6 – 6-көлемдегі техникалық қызмет көрсету;
 ТҚК-7 – 7-көлемдегі техникалық қызмет көрсету;
 ТҚК-8 – 8-көлемдегі техникалық қызмет көрсету;
 ААЖ – ағымдық ағытып жөндеу;
 КТҚК-8 – 8-көлемдегі күшейтілген техникалық қызмет көрсету;
 ТЦ – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Техникалық орталығы;
 ЦДАЦ – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалы;
 ЦСЖТ – Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің дирекциясы.

5 Таңбалау үшін шартты нөмірді беру тәртібі

5.1 Өтінім беруші темір жол жылжымалы құрамының және оның құрамдас бөліктерінің Шартты нөмірін алу үшін, жөндеу жұмыстары, дайындау кезінде жоспарланған жөндеу жұмыстарының және/немесе дайындау түрлерінің технологиялық процестерін алдын ала әзірлейді, бұдан әрі технологиялық процеске сәйкес темір жол жылжымалы құрамының және/немесе оның құрамдас бөліктерінің тәжірибелік үлгісін жөндеуді, дайындауды жүзеге асырады.

5.1.2 Тәжірибелік үлгіні жөндеу, дайындау нәтижелерін Өтінім беруші құратын, тәжірибелік үлгіні қабылдау жөніндегі алдын ала комиссия қарайды.

Комиссия құрамына Өтінім берушінің, Компанияның ҚБ мен ЕҰ-дың техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, дайын өнімді қабылдауды (ТЖҚ, ЖПВ, ЖүкПВ, МВЖҚ, АЖҚ мұқтаждары үшін), теміржол жылжымалы құрамын магистральдық теміржол желісіне жіберуді, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуын бақылауды ұйымдастыру мәселелеріне

жетекшілік ететін өкілдері кіреді. Өтініш берушінің өкілі Комиссия төрағасы болып табылады, ол комиссия жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады және олардың өкілдері комиссия құрамына кіретін ұйымдар арасында өзара әрекеттесуді ұйымдастырады.

5.1.3 Теміржол жылжымалы құрамының, оның құрамдас бөліктерінің жөндеуден өткен тәжірибелік үлгісін қабылдауды ұйымдастыру кезінде Өтінім беруші, қол қойылған күннен бастап 6 айдан аспайтын мерзімге қолданыста болатын төмендегі құжаттарды ресімдеуі тиіс:

а) тәжірибелік үлгіні қабылдау жөніндегі комиссияны құру туралы бұйрықты;

б) Е қосымшасына сәйкес тәжірибелік үлгіні қабылдау актісі.

5.2 Өтінім беруші Компанияның адресіне жылжымалы құрамның әрбір түріне және оның құрамдас бөліктеріне орындалатын жұмыстардың нақты түрлерін көрсете отырып, Шартты нөмірді беруге жазбаша өтініш жібереді. Өтінішке мәлімделген жұмыстардың түріне байланысты төмендегі құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса жіберіледі (көшірмелері басшының қолымен және Өтінім берушінің мөрімен куәландырылуы тиіс):

а) МЕМСТ 15.902 сәйкес ресімделген қабылдау немесе біліктілік комиссиясының актісі (темір жол жылжымалы құрамын және оның құрамдас бөліктерін дайындаған не қызмет ету мерзімін ұзартып жаңғыртқан жағдайда), немесе Е қосымшасына сәйкес ресімделген жылжымалы құрамның КҚЖ, ҰҚЖ немесе ЖКЖ өткізілгеннен кейін жөнделген тәжірибелік үлгіні қабылдау актісі;

б) міндетті сертификаттауға жататын өнімге арналған сертификаттар/сәйкестілік декларациялары (сәйкестілікті бағалауға жататын өнім үшін);

в) жұмыстарды орындауды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі (жөндеу, барлық санаттағы қызмет ету мерзімдерін ұзартып жөндеу, жаңғырту, қызмет мерзімін ұзартып жаңғырту, дайындау);

г) [11], [12] көзделген тәртіппен келісілген ұйымдардың техникалық шарттарының/стандарттарының титулдық парақтары ([2] көрсетілген жаңа жүк вагондарына және олардың құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ жолаушылар вагондарының КҚЖ, ЖКЖ [2], [9] және тартым жылжымалы құрамның [10], арнайы жылжымалы құрамның ҰҚЖ, теміржол жылжымалы құрамына, жаңғыртылатын, қызмет ету мерзімін ұзартып жаңғыртылатын);

д) дайындалатын немесе жөнделетін ЖҚ, ҚБ үшін пайдалану және жөндеу құжаттамасы;

е) мәлімделген жұмыстардың түрлеріне технологиялық процестер және ЖҚ, ҚБ үлгісі.

Жөндеуші ұйымдар үшін технологиялық процестер Компанияның қатысты ҚБ және ЕҰ-мен, сондай-ақ Компанияның қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың сақталуына бақылау жасайтын өңірлік деңгейдегі бөлімшесімен келісілуі тиіс;

ж) бұзбай бақылау құралдарын қоса алғанда, учаскелер, бөлімшелер бойынша бөліп көрсетілген технологиялық, сынау жабдықтары мен жарақтарының тізбесі;

и) Қазақстан Республикасының аккредиттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес берілген жасап шығарылатын өнімді бақылау, соның ішінде бұзбай бақылау функцияларын жүзеге асырушы бөлімшелердің аккредиттеу аттестаты (аттестаттау туралы куәлік).

к) ақау тапқыштар мен дәнекерлеушілерді қоса алғанда, олардың разрядтары, куәліктерінің нөмірі және қайта аттестаттау күні көрсетілген негізгі орындаушылардың тізімі.

Өтінім берушіде тораптар мен құрамдас бөліктерді жөндеу жөніндегі бөлімшелер немесе жекелеген цехтер болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аккредиттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті аккредиттеуі (аттестаттауы) бар ұйымдардан қызметтерді сатып алуға арналған шарттың куәландырылған көшірмесі және А, Б, В, Г, Д қосымшаларына сәйкес таңбалануға жататын олардың құрамдас бөліктерінің тораптарын жөндеген кездегі Шартты нөмірі қоса беріледі.

5.3 Тапсырылған құжаттар 5.2-де белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Өтінім берушінің өндірістік алаңқайын мәлімделген жұмыстарды жүргізуге нақты дайындығы тұрғысынан тексеру жөніндегі комиссия құрылады. Комиссия Компанияның бұйрығымен құрылады немесе Өтінім беруші ТӨ-ның жазбаша хабарламасының негізінде құрылады.

5.3.1 Комиссия құрамына Компанияның өкілдері және техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, дайын өнімді қабылдауды (ТЖҚ, ЖПВ, ЖүкПВ, МВЖҚ, АЖҚ мұқтаждары үшін) ұйымдастыру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚБ мен ЕҰ-дың бір адамнан артық болмайтын өкілдері, сондай-ақ ілесіп жүретін тұлға ретінде Өтінім берушінің өкілі (дауыс беру құқығы берілмейді) кіреді, Комиссия төрағасы болып Компания өкілі тағайындалады.

5.3.2 Тексеру жүргізу үшін, қажет жағдайда, комиссияның құрамына Компанияның ҚБ мен ЕҰ болып табылмайтын, бірақ Өтінім берушінің жұмыстардың мәлімделген түрлерін жүргізуге дайындығын жүзеге асыратын өзге ұйымдардың өкілдерінің тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тысқары ұйымдарды тарту шарттарда белгіленеді.

5.3.3 Комиссия жұмысы сырттай және көзбе-көз бағалаудың екі кезеңін қамтиды.

5.3.3.1. Сырттай кезеңде құжатталған өндірістік-технологиялық процестердің күйін бағалау жүргізіледі.

5.3.3.2. Көзбе-көз кезеңде өндірістік алаңның нақты күйін бағалау және дайындау немесе жөндеу кезінде құжатталған процестерді іске асыруды бағалау жүргізіледі.

5.3.4. Сырттай кезеңді Өтінім берушінің өндірістік алаңына бармай-ақ қашықтағы форматта (online режим) жүргізуге рұқсат беріледі, көзбе-көз кезең Өтінім берушінің өндірістік алаңында тікелей жүргізіледі. Бұл ретте, сырттай кезеңде анықталған сәйкессіздіктер сынамалық шамасына қарай көзбе-көз кезеңді өткізуден және шартты нөмір беруден бас тарту үшін негіз болуы мүмкін.

5.3.5. Өндірістік алаңдардың күйін бағалау М, М-1, М-2, М-3, М-4, М-5, М-6, М-7, М-8 қосымшаларда берілген чек-парақтардың негізінде жүргізіледі.

5.4 Комиссия тексерудің және бағалаудың қорытындысы бойынша:

а) Н қосымшасының нысаны бойынша мәлімделген жұмыстарды жүргізуге нақты дайындығы мәніне тексеру актісін. Акт түпнұсқасының бір данасы ТЦ-да сақталады, екінші данасы Өтінім берушіге беріледі, ҚБ/ЕҰ-дан комиссия мүшелеріне акт көшірмесі беріледі.

б) [3], [4], [5], [6], [7] (қажет болса) сәйкес цехтерді аттестаттау актісін ресімдейді;

5.5 егер Шығарушы Компания атына төмендегілердің көшірмелерін ұсынған болса, Комиссия құрылмайды:

а) қабылдау немесе біліктілік комиссияларының актісінің;

б) стандарттау саласындағы сертификатталатын немесе құжаттарға сәйкес қызмет ету мерзімін ұзартып, жаңғыртылатын өнімді өндіру күйін тексеру нәтижелері туралы актісінің;

в) СРО ресімдеген соңғы инспекциялық бақылаудың нәтижелері бойынша акт пен қорытындылар.

5.6 Компания 5.2, 5.4, 5.5 сәйкес Өтінім беруші ұсынған құжаттардың негізінде ТЖӨ ТӨ АЕО-ға өтініш жібереді, оған Компания Ж немесе И қосымшаларына сәйкес ресімделген ТЖӨА анықтамалығына өзгерістер енгізуге өтінімді қоса береді.

5.7 Шартты нөмірді беру туралы ТӨ АЕО-дан хабарлама алғаннан кейін ТЦ:

а) куәлік пен оның қосымшасын К қосымшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ресімдейді;

б) Л қосымшасына сәйкес берілген куәліктердің есебін және олардың электронды журналда тіркелуін жүргізеді;

в) куәліктің түпнұсқасын кәсіпорынның немесе жөндеу ұйымының басшысына, немесе сенімхат негізінде уәкілетті өкілге, журналға қол қойғызып, береді;

г) қатысты ҚБ мен ЕҰ, теміржол жылжымалы құрамының иелерін, жөндеу ұйымдарын Шартты нөмірдің берілгені (қолданылу аясын кеңейту), өзгертілгені және орындалатын жұмыстардың түрі туралы хабарлайды;

д) АБД ПВ ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу үшін жауапты ҚБ, ЖүкВП туралы мәліметтерді (вагон түрі, жөндеу түрі, тораптар және бөлшектер) көрсете отырып, ТЦ-ға жеке хабарлайды.

5.8. Өтінім берушіде жылжымалы теміржол құрамын және оның құрамдас бөліктерін жөндеу (шығару) жүзеге асырылатын түрлі мекенжайлар бойынша орналасқан бірнеше өндірістік алаңдар болған жағдайда, Шартты нөмір әр өндірістік алаңға жеке-жеке беріледі.

5.9. Нақты Шартты нөмірді осы Шартты нөмір берілген кәсіпорынның қызметкерлері ғана қоя алады. Басқа кәсіпорындардың қызметкерлеріне Шартты нөмір қоюға тыйым салынады.

5.10. Берілген Шартты нөмір Кәсіпорынның сәйкестендіру коды болып табылады және ол таратылған жағдайда, басқа Кәсіпорынға берілмейді. Бұрынғы өндірістік алаңдарда жұмыстардың түрін сақтай отырып, атауын, қызмет түрін өзгерту немесе жалға беруді қоспағанда.

5.11. Вагон және локомотив деполарының АБ мен АБП қоспағанда, бір заңды тұлғаға тиесілі бір өндірістік алаңға екі түрлі Шартты нөмірлерді беруге тыйым салынады.

6. ТӘА-ға өзгерістер енгізу тәртібі

6.1 Оларды жүргізу үшін бұрын Шартты нөмір берілген жұмыс түрі өзгермей Кәсіпорынның немесе жөндеуші ұйымның атауы, меншіктілік нысаны өзгерген, ол жалға берілген, нақты орналасқан мекенжайы ауысқан кезде, Кәсіпорын Компанияның атына атауының, меншіктілік нысанының өзгергені немесе жалға бергені туралы жазбаша хат (өтініш) жібереді. Өтінішке атауының, меншіктілік нысанының өзгергені немесе Шартты нөмірдің қолданылу саласын өзгертпей жалға берілгендігін растайтын құжаттардан басқа, 5.2-тармаққа сәйкес және орындалатын жұмыстар ескерілген құжаттар қоса беріледі.

6.2. Компания:

а) жазбаша хатты (өтінішті) қарайды және 5.3 және 5.4 сәйкес жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді;

б) 5.2, 5.4, 5.5-тармақтарға сәйкес Кәсіпорын ұсынған құжаттарды қарайды, олар ресімдеу толықтығы және сапасы бойынша 5.2, 5.4, 5.5-тармақтарға сәйкес болған жағдайда, 5.6-5.7-тармақтарға сәйкес жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді;

в) бұрын берілген Шартты нөмір сақталатын Кәсіпорынның, бұрын шығарылған немесе жөнделген өнім үшін белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болатынын көрсете отырып, ЦСЖТ-ға Шартты нөмірді беру туралы хабарлама жібереді.

6.3 Кәсіпорынның заңды тұлғасын ауыстырмай және нақты орналасқан мекенжайын және орындайтын жұмыстарын өзгертпей, заңды мекенжайын ауыстырған жағдайда, жаңа Шартты нөмірді алу рәсімінен өту талап етілмейді.

7. Бұрын берілген Шартты нөмірдің қолданылу саласын өзгерту тәртібі

7.1 Кәсіпорын Компанияның атына бұрын берілген Шартты нөмірдің қолданылу саласын өзгерту (кеңейту) туралы ПС және СЧ үшін өзгертілген жұмыстың түрін немесе игерілген жұмыстардың қосымша түрін көрсете отырып, жазбаша өтініш (өтініш) жібереді.

Өтінішке қосымша жұмыс түрінің өзгергенін немесе игерілгенін растайтын құжаттардан тыс 5.2-тармаққа сәйкес құжаттар, сондай-ақ бұрын берілген Шартты нөмірдің (заңды тұлғаның атауы, меншіктілік нысаны өзгерген немесе жалға берілген кезде) заңды қолданылуын растайтын құжаттар қоса беріледі.

7.2 Компания:

а) 5.3, 5.4-тармақтарға сәйкес жазбаша өтінішті (өтінішті) қарайды;

б) оң шешім болған жағдайда, 5.6-5.7-тармақтарға сәйкес жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді.

8. Шартты нөмірдің қолданыста болу күшін тоқтату және қалпына келтіру тәртібі

8.1. Кәсіпорынның Шартты нөмірінің қолданыста болу күші мынадай:

- конструкторлық, жөндеу құжаттарының талаптарын бұзып шығарылатын, жаңғыртылатын, қызмет ету мерзімін ұзартып жаңғыртылатын немесе жөнделетін өнім анықталған;

- шығару немесе жөндеу тәртібін белгілейтін техникалық реттеу, стандарттау, нормативтік-техникалық құжаттама немесе мемлекетаралық стандарттар, халықаралық нормалар мен қағидалар, техникалық регламенттер саласындағы заңнаманы бұзушылықтар анықталған;

- түзету іс-шаралары арқылы жоюға болмайтын сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, бұл ретте ескертулерді жою туралы есепті ұсыну мерзімі күнтізбелік 30 күннен аспайды;

- ПС/СЧ шығару немесе жөндеу сапасы төмендеген жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.

8.2 Компания 8.1-де көрсетілген сәйкессіздіктер туралы ақпаратты, Компанияға уәкілетті орган, жылжымалы құрамның меншік иесі (тапсырыс беруші), қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылауды қамтамасыз ететін және теміржол жылжымалы құрамын магистральдық теміржол желісіне жіберу үшін жауапты ҚБ мен ЕҰ ресми ұсынған жағдайда ғана қарайды.

8.3 Компанияға 8.1-тармақта көрсетілген сәйкессіздіктер туралы ақпарат келіп түскен жағдайда, Компания, ұсынылған құжаттаманы қарайды және Кәсіпорынға бұрын берілген Шартты нөмірдің қолданысын тоқтата тұру мерзімін белгілей отырып, тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Кәсіпорынға ЕҰ, ҚБ, ЦСЖТ және ТӘ АЕО жазбаша хабарлайды.

8.4 Кәсіпорын Шартты нөмірдің қолданысын қайта бастау туралы жазбаша өтінішті, Кәсіпорын басшысының қолы қойылған және Кәсіпорын мөрімен расталған, өңірлік деңгейде қозғалыс қауіпсіздігі мәселелерін үйлестіретін Компания өкілімен келісілген, түзету іс-шараларын жүргізу (сәйкессіздіктерді жою) фактілерін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса беріп, Компанияға жібереді.

8.5 Шартты нөмірдің қолданысын қайта бастау туралы өтінішті қарау рәсімі, 5.2-тармақты қоспағанда, оны беру рәсіміне ұқсас. Құжаттар жиынтығының орнына 8.4-тармақта берілген құжаттар жіберіледі

8.6 Компания:

- а) Кәсіпорын ұсынған жою фактілерін растайтын құжаттардың куәландырылған көшірмелерін қарауды және 5.3, 5.4-тармақтарға сәйкес жұмыстарды жүргізуді;

- б) 5.6-5.7-тармақтарға сәйкес жұмыстарды орындауды қамтамасыз етеді.

8.7 Компания Шартты нөмірдің қолданысын қайта бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Компания, ҚБ, ЕҰ Шартты нөмірінің қолданыста болуы күшін қалпына келтіру туралы барлық теміржол әкімшіліктеріне, ТҚКО және ТӘ АЕО-ға хабарлайды.

9. Шартты нөмірдің қолданылуын тоқтату тәртібі

9.1 Кәсіпорын таратылған жағдайда, тиісті шешім қабылданған күннен бастап екі апта мерзімінде бұл туралы Компанияға жазбаша хабарлама жібереді, бұл ретте Шартты нөмір басқа Кәсіпорынға берілмейді.

9.2 Компания бір апта мерзімінде ЕҰ, ҚБ, ЦСЖТ барлық темір жол әкімшіліктері мен ТӘ АЕО-ға Кәсіпорынға берілген Шартты нөмірдің қолданылуының тоқтатылғаны туралы хабарлайды.

9.3 Компания, сондай-ақ төмендегі сәйкессіздіктер:

- оны түзету іс-шаралары арқылы жою мүмкін болмайтын, Кәсіпорын қызметінің [3], [4], [5], [6] талаптарына сәйкес келмеуі;

- К қосымшасына сәйкес Компания ресімдеген куәлікте атауы жоқ ПС/СЧ жөндеу немесе шығару анықталған жағдайда, Шартты нөмірдің қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

10. Кәсіпорынның Шартты нөмірді қолдануына бақылау жасау

10.1 ТЦ жыл сайын поездар қозғалысы қауіпсіздігінің күйі, жарнамалық-талап қою жұмысы және сапа көрсеткіші бойынша ПС/СЧ шығару немесе жөндеу сапасына талдау жүргізеді.

10.2. Шартты нөмірді қолдануды талдау Компанияның қозғалыс қауіпсіздігі және пайдалану мәселелерін үйлестіретін ЕҰ мен ҚБ деректерінің негізінде жасалады.

10.3. Егер Кәсіпорын [8] көзделген поездар қозғалысы қауіпсіздігін бұзушылықтарға, тораптар мен бөлшектердің жұмысында істен шығуларға жол бермеген жағдайда, куәліктің қолданылу мерзімі автоматты түрде ұзартылады.

10.4. ТЦ, тоқсан сайын аудиттер жүргізу жоспарын әзірлейді, оны бекітеді және оны [13] сәйкес Компанияның сайтында орналастырады. Қажет жағдайда жоспарды түзетулер жүргізіледі.

10.5. Аудиттер жүргізу жоспарына өзгерістер енгізуге мынадай жағдайларда:

а) Кәсіпорынның таратылуы, қызметінің тоқтатылуы салдарынан тексеру жүргізудің мүмкін болмауына байланысты, аудиттер жүргізу жоспарынан тексеру алынып тасталғанда;

б) Шартты нөмірді қолдану саласының өзгеруіне (кенеюіне), заңды тұлғаның ауысуына байланысты аудит жүргізу жоспарында көрсетілген мәліметтер өзгертілгенде;

в) ТА/ТЖ немесе карантиндік шектеулерден туындаған шектеу шаралары енгізілгенде рұқсат етіледі.

А қосымшасы
(міндетті)

Жүк вагондарының таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі

А.1 Жүк вагонының шанағы

Өкшелік
Люк қақпағы
Ағызу құрылғысының бекітпесі

А.2 Жүк вагондарының арбашалары

Рессор үсті арқалығы
Бүйірлік рама
Жалғағыш арқалық
Ішкі серіппе
Сыртқы серіппе
Фрикциялық сына
Тозуға төзімді бөлшектер (жылжымалы және жылжымалы емес пластиналар, сырғыма қалпағы, өкшелік ендіріме)
Алынбалы сырғыма

А.3 Доңғалақ жұбы

Буксальқ торапсыз жинақталған доңғалақ жұбы
Буксальқ тораппен жинақталған доңғалақ жұбы
Тұтасқұйылған доңғалақ
Тазартылмаған ось
Тазартылған ось
Букса корпусы
Буксальқ торап мойынтіректері
Мойынтірек адаптері

А.4 Автотежегіш жабдығы

Жинақталған ауа таратқыш
Ауа таратқыштың камерасы
Магистральдық бөлік
Басты бөлік
Авторежим
Тежегіш цилиндр
Тежегішті иінтіректі беріліс реттегіші
Триангель
Жалғастырушы жең (жинақта)
Шеткі кран
Ажыратқыш кран
Пневматикалық жабдыққа арналған резина-техникалық бұйымдар
Жалғастырушы жеңге арналған түтікше
Тежегіш табандықтың аспасы
Тежегіш магистральдің ұштармағы
Тежегіш қалып чекасы

А.5 Автотіркемелік жабдық

Жинақтағы автотіркеме

Тартымдық қамыт
Тартымдық қамыт сынасы
Жұтқыш аппарат
Автотіркеме корпусы
Автотіркеме құлпы
Құлыптың көтергіші
Көтергіштің білікшесі
Құлып ұстағыш
Жұтқыш аппарат корпусы
Маятник аспасы
Орталықтаушы арқалық
Алдыңғы тіреу
Артқы тіреу
Автотіркеменің тіректі плитасы
Автотіркеме құлпының сақтандырғышы

А. 6 Жөндеу түрлері
Ағымдағы жөндеу
Депольк жөндеу
Күрделі жөндеу
Қызмет мерзімін ұзартып күрделі жөндеу

Б қосымшасы
(міндетті)

Жолаушылар вагондарының таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі

- Б.1 Автотіркемелік жабдық
Автотіркеменің корпусы
Автотіркеменің құлпы
Құлып ұстағыш
Сақтандырғыш
Құлыптың көтергіші
Көтергіштің білікшесі
Тартымдық қамыт
Тартымдық қамыт сынасы
Сокқыш розетка
Тіректі плита
Жұтқыш аппарат
Жұтқыш аппарат корпусы
Жұтқыш аппараттың резина-металл элементі
Орталықтаушы арқалық
Маятник аспасы
Орталықтаушы аспапты тіреп тұратын плита
Тартқыш бұрандама
- Б.2 Буферлік жинақ
Тарель
Сына
Сыртқы серіппе
Ішкі серіппе
Буферлік стақан
- Б.3 Тежегіш жабдық
Ауа таратқыш, жинақта
Электр ауа таратқыш, жинақта
Тежегіш иінтіректі берілісті автореттегіш
Траверса
Траверс аспасы
Тежегіш тартым
Тежегіш табандық аспасы
Тежегіш табандық
Тежегіш қалып
Тежегіш цилиндр
Қосымша резервуар
Шеткі кран
Тежегіш диск
Дискілі тежегіштің тежегіш төсемесі
Қысқыш механизм
Резина-техникалық бұйымдар
Тежегіш қалып чекасы

369А электр түйіспесімен жинақтағы жалғағыш жеңге арналған Д түтігі

Б.4 Доңғалақ жұбы

Буксальқ тораптары бар доңғалақ жұбы
Тоқтатқыш тақтайша
Доңғалақ жұбының осі
Тұтас құйылған доңғалақ
Буксальқ торап мойынтірегі
Полиамидті сепаратор

Б.5 Жолаушылар вагондарының арбашалары

Гидравликалық тербелісті басқыш (демпферлер)
Рессор үстілік арқалық
Арбаша рамасы
Аспалы ілменің сырғасы
Аспалы ілменің тартымы
Шылбыр тартымы
Орталық аспалы ілменің серіппесі
Буксальқ ілменің серіппесі
Сақтандырғыш өзек
Аспалы ілменің білікшесі
Тартып апару пакеті

Б.6 Редукторлық-карданды жетек

Осьтің орта бөлігінің редукторлары жинақта
Осьтің орта бөлігі редукторының қуыс білігі
Осьтің ортаңғы бөлігінен редукторд білік-тістегеріші
Осьтің ортаңғы бөлігінен генератор жетегінің муфтасы
ТРКП, ТК-2 жетегінің редукторы
Ось бүйірінен генератор жетегінің карданды білігі (ТРКП, ТК-2, ТК-3)
ТК-2, ТК-3 жетегінің жетекті білігі
Жетектейтін шкив (ТРБП, ТК-2, ТК-3)
Жетекші шкив (ТРКП, ТК-2, ТК-3)
Шлицті төлкесі бар шанышқы
Шлицалы білік
Шлицасы бар шанышқы
ТРКП жетегінің жетектейтін білігі
ТРКП жетегінің жетекші білігі

Б.7 Электр жабдығы

Электр машиналары, жинақта
Генератор білігі
Аккумуляторлық батарея
МАН-2 компрессорлық агрегат аспасының рамасы
Генератор амортизаторы
Климаттық қондырғы амортизаторы

Б.8 Техникалық қызмет көрсету және жөндеудің жоспарлы түрлері

3 көлемді техникалық қызмет көрсету
Деполық жөндеу

1 көлемді күрделі жөндеу
2 көлемді күрделі жөндеу
Күрделі-қалпына келтіріп жөндеу
Жаңғырту арқылы күрделі жөндеу

В қосымшасы
(міндетті)

Локомотивтердің таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі

В.1 Доңғалақ жұбы
Доңғалақ жұбы, жинақта
Доңғалақ орталығы
Тісті доңғалақ
Тұтас құйылған доңғалақ
Тісті беріліс қаптамасы
Бандаж
Букса корпусы
Буксальқ торап мойынтірегі
Моторлы-осьті мойнтіректер
Тазартылмаған ось
Тазартылған ось
Тәждің алғашқы нұсқасы
Тісті доңғалақ тәжі
Тартымдық беріліс тістегеріші

В.2 Автотіркемелік жабдық
Автотіркеме, жинақта
Автотіркеменің корпусы
Құлып
Құлып ұстағыш
Сақтандырғыш
Құлыпты көтергіш
Көтергіш білікшесі
Соққыш розетка
Тартымдық қамыт сынасы
Ішпек
Тіректі плита
Білік
Тартымдық қамыт
Орталықтаушы арқалық
Жұтқыш аппарат
Маятникті аспа
Орталықтаушы арқалықтың тірегiш плитасы
Жұтқыш аппарат
Алдыңғы таяныш
Артқы таяныш

В.3 Тежегіш жабдық
Тежегіш төсемнің чекасы
Ауа резервуарлары
Жинақтағы тежегіштерге арналған жалғағыш жеңдер
Машинистің тежегіш крандары
Тежегіш цилиндрлер
Шеткі кран

Ажыратқыш кран
Пневматикалық жабдыққа арналған резеңке-техникалық бұйымдар
Жалғағыш жеңге арналған түтік

В. 4 Механикалық жабдықтар

Арбаша рамасы
Тежегіш тұтқалы берілістің автоматты реттегіші
Тежегіш қалыптар табандықтары
Дискілік тежегіштердің тежегіш төсемдерінің табандықтары
Тежегіш дискілер
Қысқыш механизм
Рессорлы аспа серіппелері
Гидравликалық демпферлер
Донғалақ дискілі орталықтар
Тартқыш редуктордың тірек торабының мойынтіректері
Моторлы осьтік тербеліс мойынтіректері

В. 5 Локомотив шанағы

Локомотив шанағының рамасы

В. 6 техникалық/сервистік қызмет көрсету түрлері және жөндеудің жоспарлы түрлері

ТҚК-6 техникалық қызмет көрсету
ТҚК-7 техникалық қызмет көрсету
ТҚ-8 техникалық қызмет көрсету
ТОУ-8 техникалық қызмет көрсету
СО-4 сервистік қызмет көрсету
СО-5 сервистік қызмет көрсету
СО-6 сервистік қызмет көрсету
СО-7 сервистік қызмет көрсету
Күрделі жөндеу
Қызмет ету мерзімін ұзарту арқылы күрделі жөндеу

Г қосымшасы
(міндетті)

Моторвагонды жылжымалы құрамның таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі

Г.1 Доңғалақ жұптары
Доңғалақ жұбы, жинақта
Доңғалақ орталығы
Тісті доңғалақ
Тұтас күйылған доңғалақ
Тісті беріліс қаптамасы
Бандаж
Букса корпусы
Буксалық торап мойынтіректері
Тартым редуктордың тірек торабының мойынтіректері
Тазартылмаған ось
Тазартылған ось
Тәждің алғашқы нұсқасы
Тісті доңғалақ тәжі
Тартымды беріліс тістегеріші
Доңғалақты дискілі орталықтар

Г.2 Автотіркемелік жабдық
Автотіркеме, жинақта
Автотіркеменің корпусы
Құлып
Құлып ұстағыш
Сақтандырғыш
Құлыптың көтергіші
Көтергіштің білікшесі
Соққыш розетка
Тартымдық қамыттың сынасы
Ішпек
Тіректі плита
Білікше
Тартымдық қамыт
Орталықтаушы арқалықша
Жұтқыш аппарат
Маятник аспасы
Орталықтаушы арқалықтың тіреуші плитасы
Алдыңғы таяныш
Артқы таяныш
Саңылаусыз тіркегіш кондырғы

Г.3 Механикалық жабдықтар
Арбаша рамасы
Тежегіш дискілер
Дискілік тежегіш төсемдері

Қысқыш механизмі
Рессорлы аспа серіппелері
Гидравликалық демпферлер
Тежегіш табандыққа арналған аспа
Бас жетектің қардан біліктері
Тартым редукторы тірек торабының мойынтіректері
Дизель-поездар мен рельстік автобустарға арналған гидравликалық берілістер
Электропоездардың тартым жетегі муфттарының резинокордты қабықшалары

Г.4 Автотежегіш және пневматикалық жабдықтар
Ауа резервуарлары
Жинақтағы тежегіштерге арналған жалғағыш жеңдер
Машинистің тежегіш крандары
Тежегіш цилиндрлер
Шеткі кран
Ажыратқыш кран
Пневматикалық жабдыққа арналған резеңке-техникалық бұйымдар
Жалғағыш жеңге арналған түтік
Тежегіш қалып чекасы

Г. 5 Техникалық/сервистік қызмет көрсету түрлері және жөндеудің жоспарлы түрлері
ТҚК-6 техникалық қызмет көрсету
ТҚК-7 техникалық қызмет көрсету
ТҚК-8 техникалық қызмет көрсету
КТҚК-8 техникалық қызмет көрсету
Күрделі жөндеу
Қызмет ету мерзімін ұзарту арқылы күрделі жөндеу

Д қосымшасы
(міндетті)

Арнайы жылжымалы құрамның таңбалауға жататын құрамдас бөліктерінің тізбесі

Д.1 Автотіркемелік жабдық
СА-3 автотіркемесінің корпусы
Паровоз үлгісіндегі автотіркеме
Автотіркеменің құлпы
Құлып ұстағыш
Сақтандырғыш
Құлыптың көтергіші
Көтергіштің білікшесі
Тартымдық қамыт
Тартымдық қамыттың сынасы
Соққыш розетка
Тіректі плита
Жұтқыш аппараттың корпусы
Жұтқыш аппараттың резина-металл элементі
Орталықтаушы арқалықша
Маятник аспасы
Орталықтаушы аспапты тіреуші плита
Тартпалы бұрандама

Д.2 Буферлік жиынтық
Тарель
Сына
Сыртқы серіппе
Ішкі серіппе
Буферлік стақан

Д.3 Тежегіш жабдық
Ауа таратқыштар, жинақта
Траверса
Траверса аспасы
Тежегіш тартым
Тежегіш табантірек аспасы
Тежегіш табандық
Тежегіш қалып
Тежегіш цилиндр
Қосымша резервуар
Шеткі кран
Тежегіш диск
Диск тежегішінің тежегіш төсемі
Қысқыш механизм
Резеңке-техникалық бұйымдар
Тежегіш қалып чекасы

Д. 4 доңғалақ жұбы/жартылай ось
Букс тораптары бар жинақтағы доңғалақ жұбы
Букса корпусы
Бекіткіш планка
Доңғалақ жұбының осі
Тұтас құйылған доңғалақ
Букса торабының мойынтірегі
Полиамидті сепаратор

Д.5 Арнайы жылжымалы құрам арбашалары
Гидравликалық тербелісті басқыш (демпферлер)
Рессор үстілік арқалық
Арбаша рамасы
Аспалы ілменің сырғасы
Аспалы ілменің тартымы
Шылбырдың тартымы
Орталық аспалы ілменің серіппесі
Буксалық ілменің серіппесі
Сақтандырғыш өзек
Аспалы ілменің білікшелері
Тартып апару пакеті

Д. 6 Механикалық жабдықтар
Шанақ рамасы
Шанақ

Электр машиналары
DUOMATIC машиналарының қағу блоктары

Д. 7 Техникалық қызмет көрсету түрлері және жөндеудің жоспарлы түрлері
Ағымдағы жөндеу
Орташа жөндеу
Депольк жөндеу
Күрделі жөндеу
Қызмет ету мерзімін ұзарту арқылы күрделі жөндеу

Е қосымшасы
(міндетті)

Бекітілген
Басшы

(қолы)

(Т.А.Ә.)

202 _____ жылғы « _ » _____

Тәжірибелік үлгіні қабылдау
актісі

(темір жол жылжымалы құрамының/құрамдас бөліктерінің атауы)

Жөндеу ұйымының атауы _____

Жылжымалы құрамның үлгісі мен нөмірі _____

Таңбалауға арналған шартты нөмір (болған жағдайда) _____

Жылжымалы құрам моделі _____

Шығарылған күні _____

Шығарушы _____

Жылжымалы құрамды ағытқан күн _____ Ағытылған орыны _____

Ағыту себебі _____

Іске асырылған жүріс _____

Пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы _____

Бақылау нәтижелері бойынша жүргізілген вагон жөндеу түрі _____

Технологиялық процестің нөмірі, күні _____

Жөндеу жүргізуге негіздеме болған нормативтік-техникалық құжаттама _____

Комиссия шешім қабылдады (тәжірибелік үлгі технологиялық процеске және жөндеу құжаттамасына сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді _____).

(нормативтік құжаттар, технологиялық процестер атаулары)

Комиссия мүшелері: Т.А.Ә. (қолы)

Ж қосымшасы
(міндетті)

ТӘ АЕО бастығына

.....

ТӘА-ға өзгерістер енгізуге өтінім
(құжаттың атауы және оның тіркеу нөмірі)

Жол №	Көрсеткіштер құрамының атауы	Көрсеткіштің мәні	
		өзгеріске дейін	өзгерістен кейін
1	Директива: қосу, өзгерту, жою		
2	Кәсіпорынның коды (таңбасы)		
3	Кәсіпорынның толық атауы		
4	Кәсіпорынның қысқартылған атауы		
5	Темір жол әкімшілігінің коды		
6	Темір жолдың коды		
7	Кәсіпорынның жанасу станциясының коды		
8	Ағымдағы ағытып жөндеуді орындау белгісі (ТҚКЖ)		
9	Деполық жөндеудің орындалғаны белгісі (ДР)		
10	Күрделі жөндеудің орындалғаны белгісі (КР)		
11	Жылжымалы құрамды жасаудың орындалғаны белгісі (П)		
